

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 23 тамыз 2021 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Прорва - Құлсары мұнай құбырының жалпы ұзындығы 16 км учаскелерін қайта жаңартудан кейін пайдалануға берілгені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ жалпы ұзындығы 16 км-ді құрайтын «Прорва – Құлсары» магистральдық мұнай құбырының 0-3 км, 21-33 км, 37-38 км учаскелеріндегі жаңадан салынған құбырды қосу жұмыстарын аяқтады.

«Прорва - Құлсары» магистральдық мұнай құбыры учаскелерін реконструкциялағаннан кейін пайдалануға беру жұмыстарын «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау, Павлодар, Қарағанды және Маңғыстау мұнай құбыры басқармаларының 191 жұмыскері орындады. 58 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.

«Прорва - Құлсары» магистральдық мұнай құбырының құбырының реконструкциясы «Прорва - Құлсары» магистральдық мұнай құбыры учаскелерін ауыстыру арқылы күрделі жөндеу «Прорва - Құлсары» ММҚ-дағы ТЖДҚ іске қосу камерасы арқылы 0-3 км, 4-6 км, 9-12 км, 13-15 км, 21-33 км, 37-38 км, 39-43 км, 46-50 км, 60-64 км, 73-76 км, 90-95 км, 100-101 км учаскелерінде құбырды ауыстыру арқылы күрделі жөндеу жүргізу» (1-ші және 2-ші кезек) жобасы аясында жүргізілді.

«Прорва - Құлсары» магистральдық мұнай құбыры 1986 жылы пайдалануға берілді, Атырау облысы кен орындарының мұнайын экспортқа және ішкі нарыққа тасымалдау үшін «Өзен - Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырына қосылған. Оның ұзындығы 103 км-ді құрайды, жобаның өткізу қабілеті – жылына 7,01 млн тонна мұнай, нақты өткізу қабілеті – жылына 3,4 млн тонна мұнай.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральды мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа келесі бағыттар бойынша тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральды мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесіне, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиейді («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау портына (мұнайды танкерлерге құю), «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ жүйесіне ауыстырып тиейді, «Шағыр» МҚП және Т.Қасымов атындағы МАС теміржол цистерналарына мұнай құяды. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік нысандары Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында орналасқан.

«ҚазТрансОйл» АҚ жеке таза пайдасы 2021 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша 26 млрд. 931,5 млн. теңгені құрады, бұл 2020 жылдың бірінші жарты жылдығындағы осындай көрсеткіштен 23% төмен.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**